

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

THE BULLETIN

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН
ИЗДАЕТСЯ С 1944 ГОДА
PUBLISHED SINCE 1944

2

АЛМАТЫ
АЛМАТЫ
ALMATY

2017

НАУРЫЗ
МАРТ
MARCH

Б а с р е д а к т о р ы

х. ғ. д., проф., ҚР ҰҒА академигі

М. Ж. Жұрынов

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

Абиев Р.Ш. проф. (Ресей)
Абишев М.Е. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Аврамов К.В. проф. (Украина)
Аппель Юрген проф. (Германия)
Баймуқанов Д.А. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Байпақов К.М. проф., академик (Қазақстан)
Байтулин И.О. проф., академик (Қазақстан)
Банас Иозеф проф. (Польша)
Берсимбаев Р.И. проф., академик (Қазақстан)
Велихов Е.П. проф., РҒА академигі (Ресей)
Гашимзаде Ф. проф., академик (Әзірбайжан)
Гончарук В.В. проф., академик (Украина)
Давлетов А.Е. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Джрбашян Р.Т. проф., академик (Армения)
Қалимолдаев М.Н. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан), бас ред. орынбасары
Лаверов Н.П. проф., академик РАН (Россия)
Лупашку Ф. проф., корр.-мүшесі (Молдова)
Мохд Хасан Селамат проф. (Малайзия)
Мырхалықов Ж.У. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Новак Изабелла проф. (Польша)
Огарь Н.П. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Полещук О.Х. проф. (Ресей)
Поняев А.И. проф. (Ресей)
Сагиян А.С. проф., академик (Армения)
Сатубалдин С.С. проф., академик (Қазақстан)
Таткеева Г.Г. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Умбетаев И. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Хрипунов Г.С. проф. (Украина)
Якубова М.М. проф., академик (Тәжікстан)

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print)

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы»РҚБ (Алматы қ.)

Қазақстан республикасының Мәдениет пен ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде
01.06.2006 ж. берілген №5551-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 2000 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., 220, тел.: 272-13-19, 272-13-18,
www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2017

Типографияның мекенжайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Муратбаева көш., 75.

Г л а в н ы й р е д а к т о р
д. х. н., проф. академик НАН РК
М. Ж. Журинов

Р е д а к ц и о н н а я к о л л е г и я:

Абиев Р.Ш. проф. (Россия)
Абишев М.Е. проф., член-корр. (Казахстан)
Аврамов К.В. проф. (Украина)
Апель Юрген проф. (Германия)
Баймуканов Д.А. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Байпаков К.М. проф., академик (Казахстан)
Байтулин И.О. проф., академик (Казахстан)
Банас Иозеф проф. (Польша)
Берсимбаев Р.И. проф., академик (Казахстан)
Велихов Е.П. проф., академик РАН (Россия)
Гашимзаде Ф. проф., академик (Азербайджан)
Гончарук В.В. проф., академик (Украина)
Давлетов А.Е. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Джрбашян Р.Т. проф., академик (Армения)
Калимолдаев М.Н. проф., чл.-корр. (Казахстан), зам. гл. ред.
Лаверов Н.П. проф., академик РАН (Россия)
Лупашку Ф. проф., чл.-корр. (Молдова)
Моход Хасан Селамат проф. (Малайзия)
Мырхалыков Ж.У. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Новак Изабелла проф. (Польша)
Огарь Н.П. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Полещук О.Х. проф. (Россия)
Поняев А.И. проф. (Россия)
Сагьян А.С. проф., академик (Армения)
Сатубалдин С.С. проф., академик (Казахстан)
Таткеева Г.Г. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Умбетаев И. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Хрипунов Г.С. проф. (Украина)
Якубова М.М. проф., академик (Таджикистан)

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов
Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5551-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18.

www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2017

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

E d i t o r i n c h i e f

doctor of chemistry, professor, academician of NAS RK

M. Zh. Zhurinov

E d i t o r i a l b o a r d:

Abiyev R.Sh. prof. (Russia)
Abishev M.Ye. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Avramov K.V. prof. (Ukraine)
Appel Jurgen, prof. (Germany)
Baimukanov D.A. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Baipakov K.M. prof., academician (Kazakhstan)
Baitullin I.O. prof., academician (Kazakhstan)
Joseph Banas, prof. (Poland)
Bersimbayev R.I. prof., academician (Kazakhstan)
Velikhov Ye.P. prof., academician of RAS (Russia)
Gashimzade F. prof., academician (Azerbaijan)
Goncharuk V.V. prof., academician (Ukraine)
Davletov A.Ye. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Dzhrbashian R.T. prof., academician (Armenia)
Kalimoldayev M.N. prof., corr. member. (Kazakhstan), deputy editor in chief
Laverov N.P. prof., academician of RAS (Russia)
Lupashku F. prof., corr. member. (Moldova)
Mohd Hassan Selamat, prof. (Malaysia)
Myrkhalykov Zh.U. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Nowak Isabella, prof. (Poland)
Ogar N.P. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Poleshchuk O.Kh. prof. (Russia)
Ponyaev A.I. prof. (Russia)
Sagiyani A.S. prof., academician (Armenia)
Satubaldin S.S. prof., academician (Kazakhstan)
Tatkeyeva G.G. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Umbetayev I. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Khripunov G.S. prof. (Ukraine)
Yakubova M.M. prof., academician (Tadjikistan)

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print)

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5551-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,
<http://nauka-nanrk.kz/>, <http://bulletin-science.kz>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2017

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

N. B. Akysh¹, A. M. Akhmetova^{2,1}¹M. O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan,²Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: babe8812@mail.ru. qazakhmetova@gmail.com

**THE FATE OF INTELLECTUALS
IN MODERN KAZAKH NOVELS**

Abstract. The issue of intellectual potential is analyzed through social conflicts, which are reflected in the novels «Zhalgan dunie» by S.Elubay and «Zhangyryk» by Zh.Shashtayuly. In the research work the authors, first of all, draws attention to the intellectual features of different characters, and makes relevant scientific findings. The authors make a conclusion on definition of the essence of national existence and identity in the novels.

Keywords: intelligence, potential, nation, intellectual, novel, contrast, phenomenon, psychology, philosophy, development, dynamics.

ӘОЖ 821.512.122-3

Н. Б. Ақыш¹, А. М. Ахметова²¹М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан,²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ РОМАНДАРЫНДАҒЫ
ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ**

Аннотация. Қазіргі қазақ романындағы зияткерлік әлеует мәселесі С. Елубайдың «Жалған дүние» және Ж. Шаштайұлының «Жаңғырық» романдарында бой көрсететін тартыстар арқылы талданады. Зерттеушілер ең алдымен кейіпкерлер бойындағы зияткерлік сипаттарға мән бере отырып, оның бүгінгі таңдағы ұлттық болмысты қалыптастырудағы атқаратын қызметін айқындауға тырысқан.

Түйін сөздер: зияткерлік, әлеует, ұлт, зиялы, роман, суреттеу, эпизод, қарама-қайшылық, құбылыс, психология, философия, дамыту, сюжет, динамика.

Көркем әдебиеттегі ұлт зиялыларының тағдыры, ұлттық таным мен менталитет мәселесі қазақ әдебиеттану ғылымының зерттеу нысанына айналса, төл әдебиетімізді дендеп тануға жаңа мүмкіндіктер туғызуы ықтимал. Зерттеудің осы тақырыбын күн тәртібіне жиірек қоятын болсақ, халқымыздың зияткерлік әлеуетін бейнелеу жолдары біршама айқындала түсер еді. Соңғы он жылдық ішінде жарық көрген жекелеген романдарды талдау барысында бұл мәселенің бүгінгі қазақ романы үшін идеялық өзектілікке айналып отырғанына көз жеткізер едік. Осы қозғалып отырған тақырыптың көркем әдебиеттегі орындалу деңгейін белгілі жазушылар С.Елубайдың «Жалған дүние», Ж.Шаштайұлының «Жаңғырық» романдарының мазмұнын байыптау арқылы түсіндіруге мүмкіндік бар.

С.Елубайдың «Жалған дүние» [1] романымен танысқан оқырман автордың одан бұрын жарық көрген «Ақбоз үй» және «Мінәжат» романындағы бас кейіпкерлердің кейінгі тағдырларының қалай қалыптасқанына қанық болады. Бір-бірімен жалғасып жатқан бұл үш шығарма қазақ халқының тарихындағы елужылдық кезеңде орын алған жекелеген оқиғаларды қамтиды. Яғни, жанрлық сипаттарына қарағанда, ішінара қазақ ұлтының зияткерлік әлеуетін сипаттап көрсете алатын бұл

туындылар, сөз жоқ, трилогиялық романдар. Аталған шығармалар бұған дейін жанрлық тұрғыдан дәл осылай жүйелене қоймағанын атап айтуымыз керек. Мынандай біртұтас көркемдік желілер аталған романдардың бір бірімен органикалық байланыстағы трилогия екенін айқындай түседі.

Мәселен, «Ақбоз үйде» өткен ғасырдың жиырмамыншы-отызыншы жылдарына көркем барлау жасалса, «Мінәжат» кейіпкерлердің отыз жетінші жылдың зобалаңы мен Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тағдырларынан сыр толғайды. Ал «Жалған дүниенің» кейіпкерлері – сол романдарда көрінген басты қаһармандардың жиырмамыншы ғасыр аяғы мен жиырма бірінші ғасырдың басында тірлік кешіп жатқан ұрпақтары. Үш кітапта да ұлттық зияткерлік мәселелері жекелеген тартыстар, эпизодтық көріністер мен кейіпкерлердің ой-толғаулары арқылы көрініс тауып жатады.

Трилогияның бірінші кітабында көрінген бас кейіпкерлерден арасынан «Жалған дүниеде» Хансұлудың әбден қартайып өлермен шаққа жеткен соңғы санаулы айлары суреттеледі. Бас кейіпкер Едіге болса, бір кездегі ер жігіт Бұлыш пен Балзия арудың бел баласы. Замана ағымымен тағдырлары түрлі өткелектерден өтіп келе жатқан бұл адамдардың өмірлері бейбітшілік орнаған жаңа заманда да бір арнаға түсіп, тыныштық әлдііне қарай ыңғайлана алмапты. Бір замандарда саяси нәубеттің әсерімен зорлық-зомбылықты, қасіретті нәубеттерді бастан кешкен аталар мен әжелердің ұрпақтары тағы да күрес жолында көрінеді. Бұл кезеңдегі күрестің сипаты бөлек, енді саясаттан гөрі әлеуметтік-моральдық мәселелер алдыңғы планға шығып, өз өктемдігін жүргізе бастаған.

Басынан өткізбеген қиындығы жоқ Хансұлу – бүгінде өлім аузындағы кейуана. Өзінің о дүниеге аттанатынын жақсы түйсінгенімен, жаны байыз тауып, байырқалар емес. Өйткені шешімін таппаған түйткілді мәселелер көп, жан дүниесін аясыз жабырқатып, мынау пәни жалғанда жалғызсырататын да солар. Алатаудай арқа тұтып жүрген Алматыдағы бастық баласы Тұлымхан тағдыр тәлкегіне ұшырап, сүмірейіп ауылдағы үйіне қайтып келіп отыр. Жай келмей, маскүнемдікке салынып, қай жағынан болсын, тұңғыыққа қарай мүлде құлдырап кеткен.

Бар үміт артары – жоғары оқу орнына түскен немересі Бөпенәй еді, оның да болашағы бұлыңғыр. Тек бұлыңғыр ғана емес, кәрі әжені шошытатындай қатерлі сияқты. Оған әженің бастығырылып жатып көрген түсі айғақ. Осы түс арқылы автор қасиетті кейуананың бірер жылдан кейін орын алған Желтоқсан оқиғасын мегзеп отырғаны анық. Осынау ауыр түсті көріп жатып, көз алдына әлденелер елестеген ананың қиналып жатып өмірден өтіп кетуінде де символдық мән бары байқалады. Міне, зияткерлік мәселесіндегі тартыстардың айқынырақ көрініс табатын сәттері.

Бас қаһарман Едіге отыз екінші жылдың ашаршылығы туралы романын бастыра алмай, басы қатып, сенделіп жүр. Бір қарағанда, ол тек өзінің қара басының қамы, шығармашылық мұраты жолында ғана күресіп жүрген сияқты көрінеді. Бірақ бұл арада кейіпкердің жазушы екенін ұмытпауымыз керек. Өйткені жазушы деген бүкіл бір халықтың арман-мүддесін, ұлтының өзекжарды мәселелерін көтеретін белсенді тұлға. Демек, Едіге өз халқының тағдырындағы қасіретті кезеңді суреттеу арқылы сол халықтың мұң-мұқтажын да көркем ойдың өзегіне айналдырып отыр. Ендеше оның күресі – бүкіл бір ұлттың рухани мүддесі үшін күрес.

Шығарма оқиғасының едәуір бөлігі оқырманның көз алдында шегіністі баяндаулар арқылы көлденеңдеп жатады. Олар бас кейіпкерлер Хансұлу мен Едігінің өз өмірлерінің қайтып келмес жылдарына ойша барлау жасауы арқылы берілген. Хансұлу ой сапарын сонау отызыншы-қырқыншы жылдарға бағыттаса, Едігенің еске алатын кезеңдері әлдеқайда бертінірек. Оның шығармашылық, әлеуметтік қырларымен бірге астасып көрінетін – моральдық ұстанымдары. Былайынша өзіне өзі иелік жасауға шамасы қаптал жетерлік жігіт ағасы қыз-келіншекке келгенде босаңдау. Өзімен бірге кино түсірісіп жүрген Назыкен есімді қызға көңілі кетіп, әуейі болуы – бас кейіпкердің пендешілік осалдығынан хабар беретін деталь.

Кейіпкердің мұндай пендешілік әлсіздіктері тек зиялы қауым өкілдеріне ғана тән емес десек те, қазақ прозашыларының көптеген шығармаларындағы кейіпкерлер бойында көрініс тауып жатады. Мысалы, Ө.Ахметтің «Жылыстап өткен жылдар-ай» [2.148] хикаятындағы бас кейіпкер тележурналист Ерғалиға өзімен бірге қызметтес Айнұр деген жас қыз көңілі кетіп, соңынан қалмай қояды. Бұл екеуінің қыз-жігіт ретіндегі арақатынасы да іссапарда жүрген кезде айқындалады. «Жалған дүниеде» кейіпкерлер кино түсірушілер болса, «Жылыстап өткен жылдар-айда» телехабар түсіруші журналистер. Ситуациялардың бұлайша ұқсастықтарына қарап, оларды белгілі бір мамандық иелерінің, нақтырақ айтқанда, телевидение, кино қызметкерлерінің өмірінде кездесетін типтік

құбылыс емес пе екен деп қалуға да болады. Бұлар зияткерлік әлеуеттің жүгін көтеріп жүрген жандар екендігі сөзсіз.

Дегенмен, ұқсас ситуациядан туындайтын оқиға шешімі екі шығармада екі басқа. Едіге Назыккенге өзі ынтызарлық көрсетіп, екеуі күнәлы әрекетке барса, Ерғали өзіне жабысқан жас арудан аттонын ала қашады.

«Жалған дүние» романы бас кейіпкер Едігенің Өктем үнмен сұхбаттасып жүріп, ақыры соңында жүгіріп келе жатқан бойы қазаға ұшырауымен аяқталады. Жалпы түрлі естелік баяндаулар және Өктем үнмен сұхбат құру формасы туындының постмодернистік үлгілерді де негізге алғанын байқатса керек. «Іштегі бір қозғаушы күш, адамды өмір майданына айдап салып отыратын күш көзі тартылғандай. Кісі кәртайғанда сол күш, өмірге деген құштарлық сарқылмақ. Оны жұрт кәртаю дейді. Ақиқатына келгенде, сол «кәртаю» мысықтабандап келген ажал емес пе? Ал бұның ажалы төбеден түскен жайдай болды. Сонымен не ұқтың?.. Болжағаның сол... бір шым-шытырық түс көргендей болдың» [1.154] деген философиялық түйіндеулер романдағы авторлық кредо екендігі де айқын.

Бас қаһарманның өлім алдындағы түсініксіз сәті «Кенет кеуде тұсының лау ете түскенін сезді, өзінің лезде от тиген қауырсындай лапылдап бара жатқанын сезді. Дүние шыр айналды да, іле құлаққа ұрған танадай тым-тырыс бола қалды. Қауырсындай қалқып, айналып ұшып келеді Едіге» [1. 156] деп суреттеледі. Бұл арадан қаны тамған реализмнің емес, постмодернистік ізденістің қазақ прозасындағы кезекті үлгісін байқаймыз. Мүмкін, жиырма бірінші ғасырдың романына тән өзіндік үлгі болуы әбден ықтимал. Қысқаша тұжырымдап келгенде С.Елубаевтың «Жалған дүниесі» – тек психологиялық пландағы ғана емес, философиялық сипаты да көрініп тұрған, заманауи көркем ойдың өзгерістеріне ілесе білген роман.

Ж.Шаштайұлының жиырма бірінші ғасырдағы қазақ әдебиетінің алғашқы өнімдерінің бірі «Жаңғырық» [3] романы да ұлттық парадигма мәселесін көтеруімен назар аудартады. Шығарманың бас кейіпкері журналист Заңғар Сардарбекұлы үнемі ой үстінде толқып, тебіреніп жүретін өрелі интеллект иесі. Оны ойдан ойға жетелеп, маза бермейтін ішкі-сыртқы себептер жетерлік. Әсіресе өзі өмір сүріп отырған кезеңдегі қоғам өмірі де, туған халқының болашағы да, қызметтестермен арадағы қарым-қатынас та мазасыздық азығы.

Пойызбен келе жатқан Сардарбекұлы қойларды пойыздың басып кеткеніне куә болып қалады да, ол жайында өзі жұмыс істеп жүрген газет редакциясының басшылығын құлағдар етеді. Сөйтіп ол жайында жазу туралы тапсырма алады. Редакцияда Сардарбекұлымен бірге жұмыс істейтін редакция қызметкерлері Құрышбек, бөлім бастығы, жетекші бөлім бастығы, редактор және басқалары мақсаттары бір болғанымен, әртүрлі мінез-құлық иелері. Кейіпкерлердің болмыс-бітімін айқынырақ ашатын детальдар – бұлардың қызмет бабындағы өзара пікірталастары мен әріптестік әзіл-қалжыңдары.

Пойыздың қойлардың басып кететінін көрген сапарында Сардарбекұлы жолай Сәбира есімді әсем қызбен танысқан болатын. Кейін курстас жігіті Асқарбектің үйлену тойында ол Сәбираны кездестіріп билейді, бірақ арықарай тығыз қарым-қатынасқа бара қоймайды. Оған кейіпкердің кей сәттерде бойын билеп кететін тартыншақтығы себеп. Ұлттық менталитетіміздің өзіндік нышандарының да бірі осы.

Ұлттық проблемалар романның әр тұсында орыстардың қазақтарға үстемдік көрсетіп отыруы сипатында көрініс тауып жатады. Бұл арада авторды ұлтшыл деп кінәлауға негіз жоқ, тілге тиек болатын жайт кеңестік дәуірдегі ұлтаралық мәселелердің жабулы қазан жабулы күйінде болып келген ащы шындығы ғана.

Сардарбекұлының жерлесі жігіті, журналистикада оқып жүрген Бегімбетті көшеде орыс жігіттері қазақ болғаны үшін ғана қорлап, сабап кетеді. Өткен қиын-қыстау замандарға шолу жасай келіп, тағы бір жерінде жазушы мәймөңкелеп жатпастан, «Қазақтан басқасының бәрі ашаршылықтан дін аман шыққанын шешесі айта-айта, әбден ығыр қылған еді» [3.31] деп тіпті ашық мәтінмен кетеді.

Шопан Сансызбай образы да стандарттық бейнелеу аясынан өзгеше ренде қызық жасалған. Өрісте мал соңында жүрген оған Сұрапбай деген ферма меңгерушісі келіп тисіп кеткен екен. Артынан алдындағы қойларын пойыз басып, соның салдарынан біразы қырғынға ұшыратып алып, әбден қиналады. Осынау оспадарсыз оқиғаның орын алатын сәті шопанның суықтан әбден жаурап, тұла

бойы мұзға сіресіп қалған кезінде. Ауруханада жатқан Сансызбайды тергеуші тергейді. Қарапайым еңбек адамы осылайша мүшкіл жағдайға ұшырап, ауруханаға түсіп қалған уақытында оның көңілін сұрап, хабарласатын – тек шаруалас адамы Шынтай ғана. Бұл кезде басшылық Сардарбекұлын еркін журналист етіп тағайындайды.

Оның әріптесі журналист Бегімбеттің Мәскеуге алты айға оқуда жүрген кездері де романның ұлттық парадигма бағытындағы сипатын қоюландыра түседі. Осы арада психологиялық планда баяндалатын жағдай – Мәскеудегі әр ұлт адамдарының мінез-құлқы, олардың өзара және басқа жұртпен қарым-қатынасы, қазаққа назар аудармайтыны сияқты ұлттық мәселелер.

Практикадағы жетекшісі Стась деген орыс журналисі арқылы орыс тілінде қалам тартуы да Бегімбет қабілетінен айқын хабар бергендей. Оның Мәскеу газеттерінде жарияланған мақаласын жерлес журналистері, соның ішінде Сардарбекұлы да көріп, таң қалады. Мәскеудегі бір үйде жазушы Сәкен Майлыбаевич, әйелі Надежда, Шотбай, Дархан, Гүлмайра тәрізді қазақ жастарының арасында қонақта болуы Бегімбеттің көзін аша түскен. Бұл бір – ұлттық менталитеттердің қайшыласып, қақтығысқа түскен сәті.

Иссапарда жүріп қайта оралған Сардарбекұлы Қазақстан Республикасын басқаруға екі бірдей орыс басшының жіберілгенін естиді. «Қазақты адам деп жатқан ешкім жоқ». Ол туған қаласына оралған кезде Қақаң деген көнекөз замандасы «Қазақ бітті ғой» шағым айтқандай болып, жылап жібереді.

Иссапарда жүріп қайта оралған Сардарбекұлы Қазақстан Республикасын басқаруға екі бірдей орыс басшының жіберілгенін естиді. Оның ойынша, «Қазақты адам деп жатқан ешкім жоқ». Ол туған қаласына оралған кезде Қақаң деген көнекөз замандасы «Қазақ бітті ғой» шағым айтқандай болып, жылап жібереді.

Иссапарда жүріп қайта оралған Сардарбекұлы Қазақстан Республикасын басқаруға екі бірдей орыс басшының жіберілгенін естиді. «Қазақты адам деп жатқан ешкім жоқ». Ол туған қаласына оралған кезде Қақаң деген көнекөз замандасы «Қазақ бітті ғой» шағым айтқандай болып, жылап жібереді.

Сансызбай екі ұлымен айдалада келе жатқанда алдарына ел кезген дуана жолығып қалады. Кеңестік өмірдің жаттанды сипатына сай емес тосын көріністі жазушы қарапайым бұқараның әлеуметтік келбетін даралау үшін әдейі шендестіріп бергендей. Діттеген жеріне жеткеннен кейін Сансызбайдың бір кезде өзін тергеген тергеушінің есі ауысқанын көретін эпизоды да ишараға толы.

Ж.Шаштайұлының жекелеген шығармаларында психологиялық талдауларда көбірек орын алып келсе, «Жаңғырықта» әлеуметтік талдаулар басымырақ. Оқиғалардың даму ырғағындағы жеделдік, жігерлі екпін сюжеттерді шапшаң алмастырып отырады. Бір сөзбен түйіп айтқанда, «Жаңғырық» романы – ұлттық менталитеттің, ұлтымыздың зиялы қауым өкілдерінің зияткерлік сипаттарына, моральдық астарларына үңілген көлемді шығарма.

Осы романның кейіпкерлері Заңғар Сардарбекұлы, Бегімбет, Сансызбайлар тағдырлары белгілі бір дәуірдегі қазақ қауымының алабажақ картинасын көзге елестетіп отырады. Ж.Шаштайұлының алдыда шыққан «Біздің заманның Аязбиі» романында шет жағалап қана айтылып кететін ұлтаралық және тәуелсіздік идеясының бұл шығармада көрінуі айқынырақ әрі батыл. Қазақ халқының қатардағы өкілдері ғана емес, елдің қаймағы болып саналатын зиялы қауымның да ұлттық тұрғыдан зәбір көруі, намысының қорлануы сияқты саяси өткір жағдайлар шығарма фабуласының берік арқауы сынды. «Ұлтым, қазағым» деген оқырманның патриоттық сезімін оятуда, елін, жұртын сүйге баулуда бұл шығарманың белгілі бір тағылымдық тұстарын атап өткеніміз абзал.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Елубай С. Жалған дүние: Роман-ойтолғау. – Алматы: Қазығұрт, 2003. –160 б.
- [2] ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиеті (2001-2011 жж.). – Алматы: Арда, 2011. – 640 б.
- [3] Шаштайұлы Ж. Жаңғырық: Роман. – Алматы: Жалын, 2004. – 256 б.

REFERENCES

- [1] Elubai S. Zhalgan dunie. Roman-oiolgau. Almaty: Kazygurt, 2003. 160 p.
- [2] XXI gasyrdagy Kazakh adebieti (2001-2011 zhyldar). Almaty: Arda, 2011. –640 b.
- [3] Shashtaiuly Zh. Zhangyryk: Roman. Almaty: Zhalyln, 2004. 256 b.

Н. Б. Ақыш¹, А. М. Ахметова^{2,1}

¹Институт литературы и искусства им. М. О. Ауэзова, Алматы, Казахстан,
²Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

СУДЬБА ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В СОВРЕМЕННЫХ КАЗАХСКИХ РОМАНАХ

Аннотация. Проблема интеллектуального потенциала анализируется через социальные конфликты, которые отражаются на страницах романов «Жалған дүние» С. Елубая и «Жаңғырық» Ж. Шаштайұлы. При исследовательской работе авторы статьи в первую очередь обращают внимание на интеллектуальные особенности разных героев и делают соответствующие научные выводы. В конце статьи авторы делают заключение по поводу определения в романах сущность национального бытия и самосознания.

Ключевые слова: интеллектуальность, потенциал, нация, интеллигент, роман, описание, эпизод, противоположность, явление, психология, философия, развитие, сюжет, динамика.

Автор туралы мәлімет:

Ақыш Н. Б. – М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, babe8812@mail.ru

Ахметова А. М. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 1 курс докторанты, М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының кіші ғылыми қызметкері, qazakhmetova@gmail.com

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

www.nauka-nanrk.kz

ISSN 2518-1467 (Online), ISSN 1991-3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/ru/>

Редакторы *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов, Т. М. Апендиев*
Верстка на компьютере *Д. Н. Калкабековой*

Подписано в печать 13.04.2017.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.

19,2 п.л. Тираж 2000. Заказ 2.